

«Бекітемін»
«Компания Армантай»
бөбекжай бақпасының
менгерушісі
Л.Р.Усебова



Өрт қауіпсіздігі



Тәрбиеші: Сағындыкова Б.М.

Шымкент 2021-2022 жж.

Сабақтың тақырыбы: «Өрт қауіпсіздігі»

Сабақтың мақсаты: Балаларды өрт қауіпсіздігі ережесімен таныстыру. Өрт тің қандай жағдайда пайда болатынын және ол кезде қандай әрекет жасау керектігі жөнінде ақпарат беру.

Шаттық шеңбері:

Армысың, алтын күн!

Армысың, жер ана!

Армысың, туған жер !

Армысың, досым!

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз төтенше жағдайларда не істеуіміз керек, қалай сақтануымыз керек екенін біліп, ережелерімен танысамыз, әңгімелейміз.

-Қауіпсіздік тудыратын жағдайларды, біздер төтенше жағдайлар дейміз.

Телефон шырылдайды:

Тәрбиеші: Алло, өрт сөндіру қызметі тыңдап тұр!

Бала: (Айым) Алло, сәлеметсізбе, мен дүкеннен келгенде үйде екі қоян балам шырпымен ойнап, үйім өртеніп жатыр.

Тәрбиеші: Фомилияңызды, мекен жайыңызды айтыңыз.

Бала: (Айым) Бақыт Айым. Уалиханова 14-ші үй, 5 пәтер.

Тәрбиеші: Жарайды.

Тыңдаңыздар! Уалиханова көшесінде 14 үйде 5 пәтерде өрт болып жатыр.

Бір кезде Ана қоян екі баласымен келеді.

Бала: (Айым) Саламатсыздарма балалар?

Тәрбиеші: Саламатсызба! Жағдайларың қалай? Қане біздің балалармен бірге қауіпсіздік ережелерін тыңдап отырыңдар.

Тәрбиеші: Балалар өрт басталған кезде тығылуға болмайды.

Біріншіден 101 нөміріне хабарлап, қоңырау шалып, өз фамилиямызды атап, мекен жайымызды айтып өрт сөндірушілерді шақырамыз.

Екіншіден үйден немесе өрт болып жатқан жерден тез шығып, есікті жауып кетуіміз керек. Көршілерге айтып, көмек сұрау керек.

Үшіншіден жанып жатқан жерде біреу қалып қойса міндетті түрде өрт сөндірушілерге хабар беру керек.

Төртіншіден үйдің ішінде қатты өрт болса, түтін болса онда сулы шүберекті мұрынға басып, сулы шүберекті үстіге жауып есікке қарай еңбектеу керек. Ал есіктің қасында өрт болып жатса. Онда түтіні жоқ бөлмеге барып, таза ауамен демалу керек немесе балконға шығып таза ауамен демалып көмекке шақыруымыз керек.

Балалар мына ережелерді ұмытпаңдар:

1. Үйден шыққанда шамдарды, электр заттарын сөндіріп шығу. (үтікті, теледидарды, ғаламторды, компьютерді)

2. Сіріңкемен ойнама.

3. Газ плитасына жақындама.

4. Қолдан істелген немесе бұзылып тұрған шам тізбегін пайдаланба. Электр заттарын су қолмен ұстама.

5. Отшашудан сақ бол. (ересектің көмегімен)

6. Табиғатты оттан қорға. (түсіндіріп беру.)

7. Өрт сөндіру техникасымен таныстыру. (көлігі, сатысы, депосы)

8. Өрт сөндіретін құралдар.

Тәрбиеші: Енді балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жердің әрін жейді,

Жолда кезіккеннің,

Аямай бәрін жейді.

Бұл қандай алпауыт?

Айта ғой, дәл тауып? (Өрт)

Қимылы оңдырмас,

Кішкене қоңырбас. (Сіріңке)

Үй үстінен

Көкке өрлеп шығады,

Әуе ішінен,

Із-тұз жоқ боп тынады. (Түтін)

Түсі нарттай,

Тілін тартпай.

Жолға шыкса,

Қоймайды құртпай. (От)

Дабылға тез жететін,

Жалынға сүнгіп кететін.

Қақалса да түтінге,

Тайсалмайтын батыл кім,

Жасқанбайтын батыр кім? (Өрт сөндіруші)

Елу тентек тып-тыныш,

Бір сарайда жатады.

Тысқа шыкса біреуі,

Жарқ етіп от шашады. (Сіріңке)

Ойын: «Аңдарды оттан тез құтқар»

Шарты: Оттың ішінде қалып қойған (себетте отырған) жануарларды құтқару керек.

Тәрбиеші: Ал енді бізге келген мына екі тентек қояндарға, және де сендерге ескерту болсын қандай өрт қауіпсіздік ережелерін білесіңдер айта қойыңдар.

Тәрбиеші доп лақтыру арқылы қарытынды жасайды.

Осымен балалар төтенше жағдайларға байланысты тәрбие сағатымыз аяқталды, рахмет.

Сау болыңыздар, сақ болыңыздар.

